KazPetro DRILLING

KPD news

№ 4 (22)
Шілде – Тамыз 2023
KazPetroDrilling АҚ
корпоративтік газеті
www.kazpetrodrilling.kz

БҰЛ НӨМІРДЕ:

ЖАҢАЛЫҚТАР

КӘСІБИ МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Бүгінде жалпы қоғам өмірін көлік қызметінсіз елестету қиын. Ал мұнай өндірісіндегі көліктердің орны тіптен бөлек...

(3-бетте)

СПОРТ

СПАРТАКИАДА – БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕПІЛІ

Тамыз айының 26-27 күндері, мұнайшылар мерекесінің қарсаңында, Атырау қаласында «KazPetroDrilling» АҚ құрамына кіретін мекемелер арасында IV холдингішілік спартакиада өткізілді...

(4-бетте)

МЕРЕЙТОЙ

БИІК БЕЛЕСТЕРДІ БАҒЫНДЫРҒАН 20 ЖЫЛ

Өткен жұма күні, мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында, «МұнайФилдСервис» ЖШС 20 жылдық мерейтойын атап өтті...

(9-бетте)

ӨНДІРІС ТЫНЫСЫ

ЖАҢА ЗЕРТХАНА САПАНЫ АРТТЫРУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ

Биылғы маусым айында кәсіпорын аумағында жаңа зертхана іске қосылды. Заманауи техникалармен жабдықталған бұл зертхана механикалық-физикалық сынақтар жүргізумен айналысады...

(12-бетте)

ЖАҢАӨЗЕНДЕ ЖАҢА ЗАУЫТ АШЫЛАДЫ

Маңғыстау өңірінде жаңа зауыт ашылады. Ол сорғы-компрессорлық құбырлар мен сорғы штангаларын шығаратын зауыт болмақ. Аталмыш жобаға «KazPetroDrilling» АҚ 17 млрд теңгеден астам инвестиция бөледі. Жаңаөзен қаласында бой көтеретін өндірісті 2024 жылдың соңына дейін іске қосу жоспарланған. Бұл жоба Маңғыстау облысы әкімінің бірінші орынбасары Жұмабай Қарағаев пен «KazPetroDrilling» АҚ вице-президенті Қайырбек Елеусінов қол қойған меморандум аясында жүзеге асырылады.



Зауыттың өндірістік қуаты жылына 51 мың тонна сорғы-компрессорлық құбырлар мен 540 мың сорғы штангаларын шығаруға жететін болады. Зауыт құрылысы басталған кезде 150-ден астам жұмыс орны және пайдалануға берілгеннен кейін 330 жұмыс орны құрылады.

Ақпарат құралдарына берген мәліметінде «KazPetroDrilling» АҚ вице-президенті Қайырбек Елеусінов бұл жобаның маңыздылығын, оны іске асыру импорт алмасу және өңірлік кадрларды дамыту сияқты маңызды мәселелерді шешуге көмектесетінін атап өтті. Еліміздің мұнай сервисі саласындағы ірі Холдингтің бұл бастамасына сәттілік тілейміз!

Іс және нәтиже

«МҰНАЙ КӨЛІК»: ЕҢ БАСТЫСЫ, ҰЖЫМДАҒЫ АУЫЗБІРШІЛІК

Мұрат Мұқаш,
«KPD news» газетінің редакторы,
Жансая Қабдолова,
«Мұнай көлік» ЖШС

«Мұнай көлік» серіктестігі 2020 жылы ҚР Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығының сәйкестік сертификаттарын алды. Бұл сертификаттар компанияға көлік қызметін көрсету, автокөлік құралдарын жөндеу, еңбек қауіпсіздігі және денсаулық сақтау, сондай-ақ экологиялық менеджмент бағытындағы сапалы жұмысы үшін берілді. Одан соң көп ұзамай-ақ ISO стандарттарына сәйкестікті білдіретін халықаралық сертификатқа ие болды.

Сертификат – сапа кепілі. Кез келген мекеме мұндай құжатты иелене алмайтыны белгілі. Ал «Мұнай көлік» сондай жетістікке жетті. Осыған орай әрдайым сапалы қызмет көрсетуге ұмтылатын танымал кәсіпорынның бүгінгі тыныс-тіршілігі қандай деген сұраққа жауап алу мақсатында компанияның Бас директоры Бақытжан Жағыпарұлы Қадыров мырзаны сұхбатқа тартқан болатынбыз. Төменде сол сұхбатты оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

– Бақытжан Жағыпарұлы, сұхбатымызды отандық және шетелдік мұнай өндіруші компаниялармен арадағы ұзақмерзімді келісімдерден бастасақ. «Мұнай көлік» танымал кәсіпорын болғандықтан біршама келісімдер бар шығар?

– Әрине, бар. «Мұнай көлік» негізінен көлік қызметін көрсететін кәсіпорын ғой. Сондықтан көбіне отандық компаниялармен жұмыс істейміз. Мәселен, қазіргі кезде «ҚазТехМұнайСервис» ЖШС, «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» ЖШС, «ЖігерМұнайСервис» ЖШС, «Каскор-Машзавод» ЖШС, «IC Petroleum» ЖШС секілді бірқатар жергілікті компаниялармен арада жасалған ұзақмерзімді келісімдер бойынша қызмет көрсетіп жатырмыз.

– Командаңызға көңіліңіз тола ма? Компаниядағы менеджерлерге қоятын басты талаптар деп нелерді айтар едіңіз?

– Қазіргі командама көңілім толады. Біздің ұжымның басым бөлігі – жастар. Ұжымда бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан мамандардан бөлек жаңадан қосылған қызметкерлер де бар. Кәсіби білімі мен тәжірибесіне қарай оларға қойылатын талаптар деңгейі де әрқилы. Мысалға айтар болсақ, білікті мамандардан – жаңа идеялар мен ұтымды ұсыныстарды, ал тәжірибелі әріптестерден – жас мамандарға деген қамқорлық пен тәлімгерлікті күтеміз.

«Береке көзі – бірлікте» деген ұстаным бүкіл ұжым үшін басты қағида. Себебі қандай істе болмасын ұжымдағы ауызбіршілік маңызды рөл ойнайды. Міне, осы тұрғыдан келгенде, менеджерлерге қойылатын басты талаптар деп іскерлік, ынталылық, ішкі ережелерді сақтау, кәсіби этика, ұжымдық рух пен ауызбіршілік тәрізді қасиеттерді айтқым келеді.

– Компанияның арнайы техникалары қазір қандай кен орындарында жұмыс істеп жатыр?

– Дәл қазіргі таңда «Мұнай көліктің» арнайы техникалары көптеген кен орындарында жұмыс істеп жатыр. Солардың бастылары деп С. Нұржанов, С. Балғынбаев, Молдабек, Кенбай, Шығыс Мақат, Биікжал, Қаратөбе секілді ірі-ірі өндіріс алаңдарын айтсақ болады.

– Еңбек қауіпсіздігін сақтау және қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру бағытындағы биылғы іс-шаралар жоспары қандай?

– Біз үшін еңбек қауіпсіздігі мен қызметкерлердің кәсіби біліктілігі әрдайым басты орында. Өйткені бұл талаптар жұмыс сапасына тікелей әсер етеді. Осыған орай «Мұнай көлік» серіктестігі биыл бірқатар компаниялармен арнайы келісімшарт жасасты. Сол келісімдерге сәйкес біздің компания қызметкерлері көлік жүргізу қауіпсіздігі бойынша біліктіліктерін арттыру шараларына қатысады.

– Қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын одан әрі жақсарту және еңбекке ынталандыру бағытындағы жұмыстар жайлы білсек?

– Қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын одан әрі жақсарту үшін кері байланыс орнату бағытындағы жұмыстарды күшейтіп жатырмыз. Жүргізушілер жұмыс істеп жатқан кен алаңдарына барып, жиі-жиі мониторинг өткізіп, жұмысшылармен сұхбаттасамыз. Алынған мәліметтерді талдау арқылы тағы қандай қосымша шаралар жүргізу керектігін білеміз. Осы сараптау негізінде анықталған мәселелер шеңберінде жұмысшыларды әлеуметтік-мәдени қолдау, емдеу-сауықтыру, спорттық, медициналық сақтандыру, материалдық көмек секілді іс-шаралар атқарылып жатыр. Аталған іс-шаралар жұмысшыларды ынталандыру мақсатын да қамтиды.

Ал еңбекке ынталандыру мәселесіне келсек, бұл үшін біз әртүрлі мерекелер қарсаңында жұмысшыларға арнап әлеуметтік іс-шаралар ұйымдастырамыз. Мысалға айтқанда, жұмыс барысында өздерін жақсы көрсеткен жүргізушілер көлік қызметкерлері күніне орай «Алғыс хаттармен» және компанияның логотипі бар қосымша сыйлықтармен марапатталады.

– Жұмысшылар тарапынан туындаған сұрақтарды қарастыру және кері байланыс орнату мәселесі қалай жүргізіліп жатыр?

– Ұжымдағы коммуникацияны үнемі қолдап отыру мақсатында жұмысшыларға барлық тиісті бөлім қызметкерлерінің байланыс нөмірлері берілген. Жұмысшылар вахтаға шыққанда, келгенде және тиісті бөлім қызметкерлері кен орнына, өндірістік учаскелерге барғанда сұхбаттасу арқылы сұрақтар талқыланады, оларды қарастыру нәтижелері бойынша кері байланыс жасалады.

Оған қоса жұмыс барысында туындаған сұрақтарды тиісті бөлім қызметкерлеріне дер кезінде жеткізу және соған қатысты жауаптарды уақытылы алу үшін WhatsApp мессенджерінде арнайы чат жұмыс жасайды. Бұл чаттың ерекшелігі коммуникация барысындағы ашықтық. Себебі ол топқа компаниямыздың барлық жұмысшылары мен бөлім қызметкерлері жұмылдырылған. Жұмысшылар сол чатта сұрақтарын немесе ұсыныстарын жолдап, жауап алады. Бүкіл ұжым қай учаскеде қандай жағдай болып жатқандығынан және басшылықтың олар бойынша қандай іс-шаралар қабылдап жатқандығынан хабардар болып отырады.

– Еңбек құқығын сақтау мәселесіне қатысты не айтасыз?

– Қазіргі таңда біздің компанияда жүзден аса адам жұмыс істейді. Әрбір қызметкер мен жұмыс берушінің арасында міндетті түрде «Еңбек келісімшарты» жасалады. Барлығы еңбек құқығына сәйкес қарастырылып, соған сай жұмыстар атқарылады. Қазіргі уақытта «Tenaz менеджмент» компаниясымен келісімшарт жасалып, жұмысшылар сол компания арқылы жұмысқа алынады.

Қызметкерлерге жалақы ай сайын уақытылы беріледі. Одан бөлек ай сайынғы сыйақылар, үстемеақылар, қосымша ақылар мен материалдық көмектер қарастырылған. Қызметкерлер қауіпсіздік үшін қажетті жеке қорғаныш құралдарымен толық қамтылған, жатақ жайы және тамақтану жағдайлары жасалған.

«Мұнай көлік» компаниясында қызметкерлердің құқығы толық қорғалады және сол бойынша барлық жұмыстар атқарылуда. Компанияда келісім комиссиясы бар. Бұл комиссия құрамына жұмыс беруші тарапынан үш өкіл және жұмыскерлердің тарапынан үш өкіл кіреді. Ол өкілдің бірі жұмыскерлердің құқығын қорғайды, ал екіншісі өндірістік кәсіподақтың төрағасы қызметін атқарады. Еңбек құқығын сақтау әрқашан басты назарда.

– Ұжымдағы корпоративтік мәдениетті қалыптастыру және дамыту мәселесі жүйелі түрде жүргізіліп жатыр ма?

– Компания корпоративтік мәдениетті қалыптастырып, дамыту үшін қызметкерлермен үнемі жұмыс істейді. Атап айтқанда, қызметкерлердің ынтасын арттыру мақсатында үздіктерді марапаттау, сондай-ақ корпоративтік тимбилдинг әртүрлі іс-шаралар үнемі өткізіліп отырады. Бұл шара қызметкерлердің командалық рухын шыңдайды, дағдыларын дамытады және жалпы корпоративтік мәдениетті нығайтады.

– Уақыт бөліп сұхбат бергеніңіз үшін рақмет!

Қамқорлық

БАЛАЛАР «АТАМЕКЕНДЕ» ДЕМАЛДЫ

Жансая Қабдолова,
«Мұнай көлік» ЖШС

23 шілде – 01 тамыз аралығында «Мұнай көлік» мекемесі қызметкерлерінің 9-12 жастағы балалары Батыс Қазақстан облысы Орал қаласындағы балаларға арналған «Атамекен» жазғы лагерінде демалды. Аталған сауықтыру және ойын-сауық орталығы табиғаты тамаша, жасыл желектері мол Самал-1 ықшамауданында орналасқан.

Демалыс аясында балалар үшін жаяу турлар, экскурсиялар, күнделікті тақырыптық би кештері, түрлі жанрдағы қойылымдар, Холи бояуларымен жарқын кросс, «Алау» бағдарламасы, «Қоштасу алдындағы кеш», тимбилдинг, үйірмелер мен секциялық сабақтар (вокал, хореография, ойын кітапханасы, қолданбалы өнер, баскетбол, волейбол, футбол) секілді көптеген мәдени-танымдық іс-шаралар ұйымдастырылды. «Атамекен» лагерінде мекеме қызметкерлерінің 28 ұл-қызы демалып қайтты.

Ұл-қыздарының қуанышына риза болған әріптестеріміз: «Балаларымызға осындай жазғы демалыста тамаша көңіл күй, керемет демалыс сыйлаған «Мұнай көлік» мекемесіне үлкен рақмет!» – деп жылы лебіздерін білдіріп, компанияға сәттілік пен табыс тіледі.

Жаңалықтар

АДАЛ ЕҢБЕКТЕРІ ҮШІН АЛҒЫС БІЛДІРДІ

Маусым айының 8-ші және 26-шы жұлдыздары мен шілде айының 11-ші жұлдызында «Мұнай көлік» мекемесі үш қызметкерін зейнет демалысына шығарып салды. Олар: мекемеде 2017 жылдан бері адал қызмет еткен әріптестеріміз – Есқалиев Азидолла Қабделұлы, Түлеубаев Жұмабек Шонайұлы мен Сапашев Нұрпейіс Мергенұлы.

Азидолла Қабделұлы еңбек жолын 1978 жылы цементтеу агрегатының моторисі ретінде бастады. Зейнет демалысына шыққанға дейін 45 жыл бойы осы қызметте бар ынтасымен жұмыс жасады. Нұрпейіс Мергенұлы 1984 жылдан бастап еңбек етті, көптеген қызметтерді атқарды, «Мұнай көлік» серіктестігінде цементтеу агрегатының моторисі болды. Жұмабек Шонайұлы 1998 жылдан бері автокран машинисі болып еңбек еткен тәжірибелі маман. «Мұнай көлік» мекемесінде де сол қызметті атқарды.

Мекемеде абыройлы еңбек атқарған ардагерлер ағаларымыз ұжымның сыйқұрметіне бөленіп, өз істерінің нағыз маманы екендігін көрсете білді. Уақыты жеткенде өз орындарын басатын жас мамандарды тәрбиеледі.

Ардагерлер өздерінің құрметіне орай ұйымдастырылған рәсім барысында мекеменің Бас директоры Бақытжан Қадыров бастаған ұжымға алғыс білдіріп, шынайы тілектерін айтты. Мекеме басшылары мен қызметкерлер де ардагерлерге адал еңбектері үшін алғыс білдіріп, естелік сыйлықтар ретінде «Алғыс хат» пен «Смарт» теледидарын табыстады.

Өндіріс тынысы

БІРЛЕСКЕН ІСТЕ БЕРЕКЕ БАР

Жансая Қабдолова,
«Мұнай көлік» ЖШС

Тамыз айының 10-шы жұлдызында кезекті іс-сапарға шығудың сәті түсті. Бұл жолы Шығыс Молдабек кен орнына барып, әріптестеріміздің жұмысы мен тұрмыс жағдайларын көріп қайттық. Өндіріс алаңына барғанда «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» серіктестігінің қызметкері, осы учаскедегі бұрғылау жұмыстарының басшысы Галиев Ерболатты сөзге тарттық.

– Кен орнында дәл қазір қандай жұмыстар атқарылуда?

– Дайындық шараларын аяқтап, бұрғылау жұмыстарын жүргізіп жатырмыз.

– Ұңғыманың тереңдігі қандай?

– Қазіргі тереңдігі 50 метрді құрайды. Ал жоба бойынша 900 метр.

– Бұрғылау жұмыстары жоспар бойынша неше күнге қарастырылған?

– Жалпы жоспар бойынша 30-40 күнге қарастырылды.

– Жұмыстар қашан басталды және жоспар бойынша қашан аяқталуы тиіс?

– 7-ші тамызда басталды және қыркүйек айының 3-ші жұлдызында аяқтауды жоспарлап отырмыз.

– Қазіргі бұрғылау жұмыстарына қатысты жалпы не айта аласыз?

– Бұрғылау жұмыстары ешқандай кедергісіз жүргізіліп жатыр. Техникаларға келер болсақ, барлығы ақаусыз жұмыс істеп, белгіленген жоспарға сай қызмет атқаруда.

– Мұнда қазір «Мұнай көлік» компаниясының қандай техникалары жұмылдырылған?

– Қазіргі уақытта кен орнында жұмыс істеп жатқан басты техникалар – цементтеу агрегаты 320 және жүк көтергіш автокөлік. ЦА 320-ның жүргізушісі – Нұрмашев Құспанғали, жүк көтергіштің жүргізушісі – Өтегенов Руслан. Ал қалғандары жеке кәсіпкерлер арқылы жалға алынған техникалар.

– «Мұнай көлік» компаниясының мамандарына қатысты қандай пікір айтасыз?

– Жігіттердің бәрі өз жұмыстарын толығымен және жоғары деңгейде атқаруда. Мәселен, жүк көтергіш автокөлігі күндіз-түні үздіксіз жұмыс істеп жатыр. «Бірлескен істе береке бар» деген мәтелдің біз үшін мәні зор. Егер жұмысымыз осындай қарқынмен жалғаса берсе, бекітілген жоспарды міндетті түрде орындаймыз деп ойлаймын.

– «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» ЖШС-нің жұмысына «Мұнай көлік» компаниясының қандай септігі бар?

– Дала төсіндегі өндіріс алаңында автокөліктер қашанда маңызды рөл атқарады. Әрине, «Мұнай көлік» компаниясына қарасты арнайы техникалардың алар орны бөлек. Бұрғылау жұмыстарының үздіксіз әрі уақытылы жүріп жатқаны солардың арқасы.

– Осы кен орнында жұмыс істеп жатқан компанияларға қандай тілек айтасыз?

– Мекемелеріміз гүлденіп, өркендей берсін! Әріптестеріміздің барлығына мықты денсаулық, жемісті еңбек, отбасыларына бақ-береке тілеймін!

– Уақыт бөліп сұхбат бергеніңізге рақмет!

Жаңалықтар

КӘСІБИ МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Бүгінде жалпы қоғам өмірін көлік қызметінсіз елестету қиын. Ал мұнай өндірісіндегі көліктердің орны тіптен бөлек. Экономиканы барынша дамыту мәселесі бірінші кезекке шығып отырған кезеңде өңірдегі өндірістік кешен үшін автомобиль көлігінің аса маңызды буын болып қала беретіні айтпаса да түсінікті. Міне, осы маңызды буынның сенімді өкілі саналатын, отандық мұнай сервисі саласында өзіндік орны бар «Мұнай көлік» серіктестігі қазір тұрақты түрде тоқтаусыз жұмыс істеуде.

Жылдағы дәстүр бойынша биыл да тамыз айының алғашқы жексенбісі көлік жүргізушілерінің кәсіби мерекесі ретінде атап өтілді. Осыған орай мекемеде арнайы іс-шаралар ұйымдастырылып, жұмыс барысында көзге түскен үздіктер марапатталды. Компания басшылары еселі еңбектері үшін механик Мұқанов Дайрабекті, сапа бойынша бас маман Мусина

Ақботаны, ППУА машинисі Биғалиев Махсотты, азот компрессорлық стансасының машинисі Молдағазиев Эльдарды, автомобиль кранының машинисі Нұржанов Айбекті, жүк көтергіш автокөлік жүргізушісі Оразов Темірболатты, дәнекерлеуші Қонысов Ерболатты құттықтай отырып, оларға алғыс білдіріп, естелік сыйлықтар табыстады. Сонымен қатар Бас мекемеміз «KazPetroDrilling» АҚ басшылығы да жұмыстағы жоғары нәтижелері үшін жетекші қазынашы Нұрманова Айданаға, транспорт бойынша менеджер Сатыбалдиев Асылбекке, көлік жүргізушісі Изекенов Ақылбекке, цементтеу агрегатының моторисі Биғазиев Сансызбайға, жартылай тіркеме жүргізушісі Урпеков Бухарзанға, ПАРМ автокөлік жүргізушісі Ахметшиев Сүлейменге, манипулятор көлік жүргізушісі Хабибуллин Маратқа естелік сыйлықтар табыстап, бүкіл ұжымға мықты денсаулық, бақ-береке тіледі.

Инновация

«МҰНАЙ КӨЛІКТЕ» ӨНДІРІСТІК ПОРТАЛ ЕНГІЗІЛДІ

Жуырда «Мұнай көлік» серіктестігінде «KazPetroDrilling» АҚ Атырау өңірі бойынша вице-президенті Эдуард Рахимовтың төрағалығымен жаңа өндірістік портал енгізілді. Бұл іс-шараға компанияның барлық қызметкерлері өз үлестерін қосты, ұсыныстарын білдіріп олқы тұстарын түзетті. Осыған орай «KazPetroDrilling» АҚ басшылығы «Мұнай көлік» ұжымына алғыс айтып, бірқатар қызметкерлерді марапаттады. Марапатқа ие болған қызметкерлер: Абитов Айдар, Мұқанов Дайрабек, Шайдуллин Ильнур, Уандықова Гүлмира, Мұрзағұлова Гүлдана, Саримов Нұрболат, Тастамбекова Ақбота, Аюпова Гүлден, Зулпыхаров Бексұлтан.

Жаңа портал қызметкерлердің жұмысын жеңілдетіп, өнімділікті арттырды. Осы инновация жөнінде транспорт-логистика қызметінің жетекші инженері Шайдуллин Ильнур Инсафұлына бірқатар сұрақтар қойып, сұхбат алуды жөн көрдік.

– Қазіргі таңда компания электронды құжат айналымын қолдануда. Жаңа порталмен жұмыс істеу ыңғайлы ма?

– Иә, жаңа порталмен жұмыс істеу өте ыңғайлы. Интерфейс интуитивті, навигация ыңғайлы. Бұл бізге тез үйренуге және тапсырмаларды тиімді орындауға мүмкіндік береді. Порталда тұтынушылармен өзара әрекеттесу үшін де кең мүмкіндіктер қарастырылған.

– Бұрынғы жүйеден қандай айырмашылықтары бар?

– Жаңа порталдың бұрынғы жүйеден басты айырмашылығы – біздің компанияның цифрландыру курсына толық сәйкестігі. Мұнда тұтынушылар, тапсырыстар мен қызметтер туралы барлық ақпарат бір платформада жинақталған. Соның арқасында жұмыс жеңілдеді және оның тиімділігі артты.

– Жаңа порталды іске қосуға Сіз қандай үлес қостыңыз?

– Жаңа порталды пайдалану тиімділігін арттыру үшін интерфейсті оңтайландыру, жаңа функцияларды қосу жұмыстары жүргізілді. Мен келісілген актілер негізінде төлемге тапсырыстарды пысықтау бойынша ұсыныстар бердім. Бұл бізге осы процестің бір бөлігін автоматтандыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жұмыс барысында анықталған қателіктер мен оларды жою бойынша ұсыныстарды әзірлеушілер тобына жібердім және соңғы ұсынысымның бірі берілген құжаттардың санын көрсететін көрсеткішті орнату болды. Өйткені барлық құжаттарда қосымшалар жоқ және қосымша бөлімдегі файлдарды елемеу мүмкіндігі басым болды.

– Басшылық бұл жақсартуларды қалай бағалады?

– Біздің компанияның көптеген қызметкерлері порталды әзірлеуге және дамытуға өз үлестерін қосты. Жаңа порталды әзірлеу бойынша жұмысымыз үшін алғыс ретінде холдингтің жоғарғы басшылығынан сыйлық алдық. Бұл бізді өз жұмысымызды одан

әрі белсенді атқаруға жігерлендіретін жағымды тосын сый болды.

Біз алған марапаттарымызды мақтан тұтамыз және еңбегімізді бағалағандарыңыз үшін алғыс айтамыз!

– Ұжымға және біздің компанияға айтар тілегіңіз?

– Біздің командаға жаңа порталмен жұмыс істеуде табыстар тілеймін! Бұл бізге тұтынушылармен тиімдірек байланысуға және мақсаттарымызға жетуге көмектеседі деп сенемін. Сондай-ақ біздің компания толағай табыстарға жетіп, гүлдене беруін тілеймін!

– Уақыт бөліп сұхбат бергеніңіз үшін рақмет!

Спорт

СПАРТАКИАДА – БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕПІЛІ

Тамыз айының 26-27 күндері, мұнайшылар мерекесінің қарсаңында, Атырау қаласында «KazPetroDrilling» АҚ құрамына кіретін мекемелер арасында IV холдингішілік спартакиада өткізілді. Спорт жарыстарына арналған ауқымды іс-шараның ашылу салтанаты көрген жанның көңілін көтеретіндей әдемі болды. Еншілес компаниялардың командалары бейне бір Олимпиада ойындарына қатысып жатқандай әсер берді. Қызыл-жасылды киінген қыз-жігіттердің қатар-қатар сап түзеп, әнұранды орындағаны қандай жарасымды! Сол жарасымды одан әрі арттыра түскен Холдинг Президентінің құттықтау сөзі де жарысқа, жеңіске ұмтылған әріптестерімізді одан сайын қанаттандыра түсті.

Спартакиадаға қатысушылар арқан тарту, футбол, волейбол, садақ ату, шахмат, үстел теннисі, жүк көтеру сайыстарынан бақ сынады және брейн-ринг интеллектуалдық ойынына қатысты. Жанкүйерлердің делебесін қоздырған қызықты жарыстар барысында мықты командалар мен үздік спортшылар анықталып, жеңімпаздар сый-құрмет пен қошеметке бөленді.

Спартакиаданың алғашқы күні «Каскор-Машзавод» және «Мұнай көлік» командалары үшін табысты болды. Шахмат турнирінде ақтаулық және атыраулық ойыншылар үздік деп танылды. Ал арқан тартуда «Бұрғылау» командасының білекті жігіттеріне ешкім тең келмеді. Екінші орын – «МұнайФилдСервис», үшінші орын – «ҚазТехМұнайСервис» командаларына бұйырды.

Холдингішілік спартакиада жарыстарындағы басты спорт түрлерінің бірі – жүк көтеру. Біздіңше айтқанда, қошқар көтеру. Ұлттық спорт түрі саналатын бұл бәсекенің де өзіндік тартымдылығы бар. Ең бастысы, ол – біздің Балуан Шолақ және Қажымұқан тәрізді батыр бабаларымыздан қалған дәстүр. Міне, сол дәстүрді лайықты жалғастырған Ахмадиев Орал тәрізді әріптестеріміз көпшіліктің құрметіне бөленді. Жүк көтеру байқауының нәтижесі бойынша «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» 1-орынға, «МұнайФилдСервис» 2-орынға, «Мұнай көлік» 3-орынға шықты.

Спартакиаданың екінші күні қол күрестіру бәсекесімен басталды. Бірінен-бірі басым түсу үшін барын салған мықты жігіттер тартысы өте қызықты өтті. Ақыры ақтық нәтиже де анықталды. «ҚазТехМұнайСервис» командасынан Байсмаков Достан жеңіске жетіп, бірінші орынды иеленді. Екінші орын – «Бұрғылауға», үшінші орын – «Каскор-Машзаводқа» берілді.

Биылғы спартакиаданың бір ерекшелігі – брейн-ринг интеллектуалдық ойыны болды. Мысалға, «Екінші дүниежүзілік соғыста ерен ерліктің үлгісін көрсеткен қазақтың қаһарман қызы Мәншүк Мәметованың шын есімі қалай?» – деген сұрақтың өзі ойынға қатысушыларды ойландырып тастады. Ойыншылар бір сәтке бәрін ұмытып, өткен тарихымызды ой елегінен өткізді. Қара күш пен шапшаңдық емес, білімділік пен ой ұшқырлығы сынға түсетін осындай тамаша ойын барысында «KazPetroDrilling» мекемесі 1-орын алды. 2-орынды – «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау», 3-орынды – «ТрубРемЦентр» иеленді.

Ойыншыдан ерекше шапшаңдық пен дәлдікті талап ететін үстел теннисі бойынша нәтижесі мынадай болды: «Бұрғылау» командасы – 1-орын, «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» командасы – 2-орын, «Каскор-Машзавод» командасы – 3-орын.

Спорт түрлерінің арасында футболдың орны бөлек. Себебі ол – үлкен-кішінің бәрі жақсы көретін жалпыхалықтық спорт. Жылдағы үрдіске сай ұйымдастырылған футбол додасы биыл да барынша қызықты болып өтті. Команда болып доп ойнауға машықтанған әріптестеріміз ұжымдық бірлік пен тамаша техниканың үлгісін көрсетті. Тартысты ойын нәтижесінде «Бұрғылау» командасы – 1-орынды, «Каскор-Машзавод» командасы – 2-орынды және «ЖігерМұнайСервис» командасы – 3-орынды иеленді.

Ал үлкен допты жерге түсірмей және торға тигізбей қағып ойнайтын волейболдан «Бұрғылау» командасы үздік шықты. «ҚазТехМұнайСервис» – 2-орынға, «Мұнай көлік» – 3-орынға тұрақтады.

Ерлер және әйелдер тобы деп жеке-жеке ұйымдастырылған садақ ату сайысы да өте қызықты болды. Спорттың бұл түрі бойынша ерлер арасында 1-орынды – «ЖігерМұнайСервис», 2-орынды – «Бұрғылау», 3-орынды – «ТрубРемЦентр» алды. Ал әйелдер арасында ұпай саны бойынша 1-орынға – «ЖігерМұнайСервис», 2-орынға – «ТрубРемЦентр», 3-орынға – «Бұрғылау» спортшылары шықты.

Қорыта айтқанда, еншілес компаниялар тобындағы ұжымаралық бірлік пен ынтымақты паш еткен спартакиада сәтті өтті. Екі күнге созылған жарыстар аяқталған соң «KazPetroDrilling» АҚ Президенті Гайдар Нұртасұлы ауқымды іс-шараға қатысушыларды құттықтап сөз сөйледі. Сонымен қоса жеңімпаз командалар мен жекелеген номинациялар бойынша үздік өнер көрсеткен спортшыларға арнайы дип-

ломдар мен сыйлықтар табыстады. Жалпыкомандалық есеп бойынша бірінші орынға – «Бұрғылау» командасы, екінші орынға – «Каскор-Машзавод» командасы, ал үшінші орынға – «ЖігерМұнайСервис» командасы лайықты деп танылды.

Холдингішілік спартакиаданың аяқталуына орай «Grand Asia» мейрамханасында салтанатты бас қосу шарасы ұйымдастырылды. Кеш барысында Холдинг және еншілес компаниялар басшылары сөз алып, құттықтау лебіздерін жеткізді. Бақ пен бап қатар шапқан спорт жарыстарында үздік шыққан жеңімпаздар марапатталды.

Командалық рух пен ұжымаралық ынтымақтың үлгісіне айналған спартакиада дәстүрі келесі жылы да жалғасын табады деп сенеміз. Өйткені ол көпшіліктің көңілінде жарқын ізін қалдырды.

Жаңалықтар

ЖАҢА ЖОБАҒА АТСАЛЫСҚАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

«KazPetroDrilling» Холдингіндегі ақпараттық технологиялар қызметінің биылғы басты жаңалығы eKPD Portal жүйесінің енгізілуі болды. Бас кеңседегі IT қызметінің ұйғарымы бойынша қолға алынған бұл бастамаға компаниядағы барлық бөлім қызметкерлері атсалысты. Бірлесіп атқарылған жоба нәтижесі бүкіл ұжымның көңілінен шықты.

Тамыз айының соңғы күні Холдингтің Алматыдағы бас кеңсесінде осы жобаның іске асуына атсалысқан қызметкерлерді марапаттау рәсімі өткізілді. «KazPetroDrilling» АҚ Президенті Гайдар Нұртасұлы Адамсопиев ортақ істе белсенділік танытқан бірқатар бөлім мамандарына «Алғыс хат» пен естелік сыйлықтар тапсырды.

Марапатқа ие болған әріптестерімізді құттықтаймыз!

Өндіріс тынысы

БҰЛ БӨЛІМШЕНІҢ ӨНДІРІСКЕ ҚОСАР ҮЛЕСІ МОЛ

Ернар Ешмұқан,
«Бұрғылау» ЖШС

Игілікті істің үлкен-кішісі болмайды. Теңіз тамшыдан құралғандай, биікке жетелейтін жетістіктер де шағын істерден басталады. «Бұрғылау» серіктестігіндегі Құрылыс-шаруашылық бөлімшесі шағын болғанымен, атқаратын істері жетерлік. Алып мекеменің дамуына үздіксіз үлес қосып келе жатқан бөлімшенің бүгінгі тыныс-тіршілігі туралы айтылар сөз де аз емес.

Сонау бастапқы жылдардан бері «Бұрғылау» мекемесімен бірге қызмет еткен құрылыс-шаруашылық бөлімшесі алғашқы кездерде Мұнара құрастыру цехында, кейіннен өндірістік қамту базасының қатарында болды. Уақыт өте келе, 2012 жылы, өз алдына бөлек бөлімше болып ашылды.

Бөлімшенің негізгі қызметтері – өндірістегі бригадалар мен цехтардың және серіктестігімізге қарасты ғимараттар мен имараттарды жөндеу, қайта қалпына келтіру, тұрмыстық техникалардың ақауларын анықтап, оларды іске жарамды ету. Бөлімшеде 19 адам еңбек етеді. Олар – ағаш шебері, сыршы-сылақшы, сантехникалық жөндеуші, дәнекерлеуші, тұрмыстық техникаларды жөндеуші тәрізді қызметкерлер. Алтауы еден жуушылар мен аула тазалаушылар. Одан бөлек «Фиркрофт Инжиниринг Сервисиз Лимитед» ЖШС-мен арадағы келісімшарт арқылы аутсорсинг бойынша жұмыс істейтін 4 қызметкер бар.

– Қазіргі уақытта өндірістегі бригадалардың, мекемемізге қарасты цехтар мен бөлімшелердің сұраныстары өте көп. Бұрғылау және Игеру цехтарында 130-дан астам вагондар бар. Сонымен қатар Шегендеу цехы, ӨҚБ, БЕДЦ, ОИТҚ, АИТҚ-1,2,3 және әкімшілік аппараттарға қарасты 40-тан астам ғимараттар мен имараттар бар. Заман талабына қарай қазір барлық орындарда сантехникалық және салқындатқыш құрылғылар, өзге де тұрмыстық техникалар орнатылған. Біздің міндетіміз – осыларды жөндеу, монтаждау, қалпына келтіру, қайта орнату секілді жұмыстарды уақытында атқарып отыру, – дейді Құрылыс-шаруашылық бөлімшесінің бастығы Сенбек Болатбекұлы. – Әсіресе ротор алаңшасындағы бұрғылау қондырғыларының құбырын жинау тақтаны (подсвечник), бұрғышы үйшігін қазу кезінде бақылау әйнектері, алаңша қоршаулары мен сорап қаптамалары бойынша орын алған ақауларды тез орындауға тырысамыз. Себебі бұлардың барлығы бұрғылау, қазу жұмыстарына әсерін тигізеді. Міне, сондықтан бөлімшемізге қатысты кезек күттірмейтін жұмыстарды уақтылы, тиянақты орындау үшін біздің мамандарымыз өз істеріне әрдайым үлкен жауапкершілікпен қарайды.

Іргелі өндіріс ошағының жұмысына ілкімді үлес қосып жатқан шағын бөлімше ұжымына жауапты істерің жалғаса берсін дейміз.

Жаңалықтар

АИТҚ-3 ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖАҢА ҒИМАРАТЫ АШЫЛДЫ

«Бұрғылау» серіктестігінде «Аймақтық инженерлік-технологиялық қызмет-3» орталығы ашылды. Аталмыш орталықтың ашылу салтанатына «KazPetroDrilling» АҚ вице-президенті Қайырбек Сағынбайұлы бастаған «Бұрғылау» мекемесінің басшылары мен кәсіподақ комитетінің төрағалары қатысты.

Жаңа ашылған модульдік ғимаратта инженерлер мен диспетчерге арналған бөлмелер, демалатын және киім ауыстыратын бөлмелер, жуынып-шайыну және дәретхана орындары қарастырылған. Бөлмелердің барлығы заманауи үлгідегі құрылғылармен, тұрмыстық техникалармен жабдықталған. Жаңа ғимаратты аралап шыққан басшылар тобы жөндеу жұмыстары жүргізілген асханаға барып, көпшілік тамақтанатын орынның жұмысымен танысты. Қайырбек Сағынбайұлы жиналғандарды жаңа ғимараттың ашылуымен құттықтай келе, әлі де толықтыру жұмыстары қажет екендігін атап өтті. «Әсіресе АИТҚ-3 айналасына абаттандыру жұмыстарын жүргізу қажет», – деді вице-президент.

Осыдан соң басшылар тобы Бұрғылау ертінділерін дайындау цехына барып, цех қызметкерлерімен жүздесті. Цех бастығы Асабаев Жұма келген қонақтарға жақында жаңартылған асхана орындарын көрсетті. Жүздесу барысында ұсыныстар тыңдалып, цехтың жұмысына қатысты қажеттіліктер талқыланды.

ТАРИХИ ҚОНДЫРҒЫНЫҢ МАКЕТІН «БҰРҒЫЛАУ» ШЕБЕРЛЕРІ ЖАСАДЫ

Осыдан 72 жыл бұрын Түбіжік кен орнына алғаш барлау жұмыстары жүргізіліп, бұрғылау қондырғысы орнатылған болатын. Міне, осы тарихи орынға ескерткіш ретінде қойылған БҚ-75 қондырғысының кескінін «Бұрғылау» мекемесінің қызметкерлері жасады.

«Бұрғылау» серіктестігіне қарасты ӨҚБ механигі Мыңбаев Жұмасат, жөндеуші Уалиев Талғат, дәнекерлеушілер – Бисенғалиев Ерлан мен Тастеміров Наурыз тәрізді темірден түйін түйген шеберлер 1 айдан астам уақыт ішінде БУ-75 қондырғысының макетін жинақтады. Оны толығымен құрастырып, жел мен күнге төзімді бояулармен сырлады. Жігіттердің бірі сызбасын дайындаса, екіншісі өлшемдеріне қарай құрастыру бөлшектерін дайындады, келесі біреуі дәнекерлеу жұмыстарын жүргізді. Сөйтіп, қоғамдық іске белсене атсалысқан әріптестеріміз елдің алғысына бөленді.

– БУ-75 қондырғысының макетін осымен екінші мәрте жасап тұрмын. Ең алғаш 2008 жылы жасаған болатынбыз. Ол кезде «Бұрғышылар» аллеясы ашылып, соған орай жасалынды. Мен сол кезде ең соңғы БҚ-75 қондырғысы бар Айтжанов бригадасына барып өлшемдерін алған едім. Алған өлшемдерді ішке келіп компьютерге енгізіп, 5:8 масштабқа келтіріп сызбасын дайындадым. Сызба бойынша қондырғымыздың макеті сәтті шықты.

Осыдан екі ай бұрын мекемеміздің Бас директоры Қанат Ермекұлы сонау 1951 жылдары Түбіжік кен орнында алғаш бұрғылау жұмыстарын жүргізген ардагерлеріміздің есімдерін ардақтау мақсатында, ұйымдастырушылардың ұсыныстары бойынша екінші макетті жасауды тапсырды. Бір жағынан сондай жауапты істі қолға алғаныма қуансам да екінші жағынан оның сәтті шығуына алаңдадым. Қасыма мекемеміздің темірден түйін түйген шебері Уалиев Талғат, Бисенғалиев Ерлан, Тастеміров Наурыз секілді шеберлерді алып, жұмысты бастап кеткен едім. Міне, араға уақыт салып БҚ-75 қондырғысының екінші макетін жоспардағыдай аяқтап шықтық, – дейді жобаға жетекшілік еткен ӨҚБ механигі Жұмасат Мыңбаев.

Жаңалықтар

АБЫРОЙЛЫ АРДАГЕРГЕ ЕРЕКШЕ СЫЙ-ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Ернар Ешмұқан,
«Бұрғылау» ЖШС

Жуырда «Бұрғылау» серіктестігінің ұжымы Шегендеу цехының диспетчері Сара Дармағанбетованы құрметті еңбек демалысына шығарып салды. Жауапкершілік пен абыройды ұштастыра жүріп өзіне жүктелген қызметті тиянақты атқарған Сара Дармағанбетова – ұжымда абырой тұғырына, бедел биігіне көтерілген ардақты жан. Үлкен-кішімен тең сөйлесіп, қасындағыларға мейрімділік танытып, шуақ шаша жымиып, жақсыны жарастыруға тырысып жүретін абзал ананы ұжым өкілдерінің бәрі құрметтейді.

Салтанатты рәсім барысында абыройлы ардагерге Шегендеу цехының ұжымы ерекше сый-құрмет көрсетті. Цех бастығы Нұрлан Надиров пен персоналды басқару бөлімінің қызметкері Нұрсұлу Қарабаева және ұжым өкілдері тілектерін айтып, компаниядағы қажырлы еңбегіне алғыс білдірді. Құрмет белгісі ретінде ұлттық құндылықтармен безендірілген камзол кигізіп, ақ жаулық жапты. Сонымен қатар Шегендеу цехының ұжымы Сара Дармағанбетовамен бірге түскен фотосуреттерден құралған арнайы портрет пен алғысқа толы «Құттықтау хатын» табыстады.

«Сізді адам өмірінің айтулы белесі – еңбек демалысына шығу мәртебеңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Ел экономикасының өркендеп дамуына айтарлықтай үлес қосып жатқан «Бұрғылау» мекемесіне Сіз ерен еңбек сіңірдіңіз! Ұзақ жылғы еңбегіңіздің зейнетін көріңіз, көрер қызығыңыз көп болғай! Деніңіз қуатты, күніңіз шуақты, бағыңыз тұрақты, ғұмыр жасыңыз ұзақты болып, бала-шаға бақытына бөлене беруіңізді тілейміз! «Бұрғылау» мекемесінде атқарған еңбегіңізді біз жоғары бағалаймыз және ұжымның атынан шексіз алғысымызды білдіреміз!», делінген «Құттықтау хатта».

«БҰРҒЫЛАУ» МЕКЕМЕСІ МҰНАЙШЫЛАР КҮНІН ТОЙЛАДЫ

Халықтың игілігін арттырған мұнай-газ саласы қызметкерлерінің мерекесі толассыз құттықтау лебіздер мен игі шараларға, құрмет-қошеметке толы болды. «Алихан» мейрамханасында бастау алған мерекелік кеш әдеттегідей шағын концерттік бағдарламамен басталып, еңбектерімен еленген үздік мамандарды марапаттау рәсімімен жалғасты. Жанды дауыста керемет әндерді шырқаған өлкеміздің жас өнерпаздары Мира Нұрлыбек пен Бердібек Құлғараевтың ән шашуы мерекелік кештің шырайын ашты.

Мұнайшылар күні мерекесіне арналған шарада Жаңаөзен қаласы әкімінің орынбасары Жаңабай Үсембайұлы, «Бұрғылау» ЖШС Бас директоры Қанат Ермекұлы және «KazPetroDrilling» АҚ-ның Маңғыстау облысы бойыншы өкілі, ӨТБ бастығы Нұрлан Өзбекұлы құттықтау сөз сөйлеп, барша мұнайшыларға ерен еңбектері үшін алғыс білдірді. Қара алтынды игерушілерге қала әкімінің, «KazPetroDrilling» АҚ-ның және «Бұрғылау» мекемесі басшыларының атынан арнайы жасақталған «Алғыс хаттар» табыс етілді. Бұдан бөлек мекеме басшысының орынбасарлары серіктестіктің дамуына сүбелі үлес қосқан қызметкерлерге сый-сияпат жасап, төл мерекелерімен құттықтады. Сондай-ақ бірнеше еңбек озаттарының есімдері «Құрмет тақтасына» енгізілді.

Шарада «Үздік бұрғылау бригадасы» дипломына М. Сәлімгереев бригадасы ие болса, «Үздік ұңғымаларды игеру бригадасы» дипломын А. Орынғалиев бригадасы жеңіп алды. Ал «Үздік цех» аталымын «Игеру цехы» иеленді. Барлық жеңімпаздарға дипломдармен бірге қомақты ақшалай сыйлықтар берілді.

Ал кештің басты сыйы, жыл сайынғы дәстүр бойынша кәсіпорынның даму жолында аянбай еңбек еткен білікті маманға темір тұлпар сыйға тартылды. Бұл жолы су жаңа көліктің иесі атану бақыты қондырғы бастығы Р.Латыповқа бұйырды. Өндірістің озат маманы, өз кәсібінің шебері атанған Латыпов Рустамға Hyundai автокөлігі берілді.

Сән-салтанаты жарасқан кеште ән айтылып, би биленді. Жер қойнауындағы қазынаны игеріп, ел экономикасына салмақты үлес қосып отырған мұнайшылар күні жоғары деңгейде аталып өтті.

ЖАҢАӨЗЕНДІК ОҚУШЫЛАРДЫ МАРАПАТТАДЫ

Алматы қаласындағы Haileybury мектебінде маусым айының 28-29 күндері өткізілген халықаралық «International Haileybury First Championship» робототехника жарысында Жаңаөзен Білім-Инновация лицей интернатының оқушылары Гран-Приге ие болды. Бұл марапат «FIRST Tech Challenge» жарысының ең басты жүлдесі. Команда барлық санаттарда жақсы өнер көрсетіп, халықаралық жарыста жеңіс туын желбіретті. Команда осы жетістігі үшін Қытайдағы Шэньчжэнь қаласында, шілде айының 22-23 күндері өтетін әлемдік жарысқа жолдама жеңіп алды. Сонымен қатар команда менторы Сүлейменова Жөндер осындай команда дайындағаны үшін «Best Mentor Award» жүлдесімен марапатталды.

«Болам деген баланың бетін қақпа, белін бу!» дегендей халықаралық жарыстан бас жүлдемен оралған жеңімпаздарды Жаңаөзен қаласы әкімшілігі мен «Бұрғылау» қайырымдылығы қарсы алып, құрмет көрсетіп, құттықтау тілектерін айтып, «Алғыс хатар» мен сыйлықтарын табыстады.

– Жарыста барлығы 16 команда болды. Ең басты қонағымыз Біріккен Араб Әмірлігінен келген UFORCE командасы болатын. Жарысқа қатысушылардың көпшілігі алматылық оқушылар.

Командамыздың атауы – REBELS. Бұл атауды да оқушылардың өздері қойды. Қазақша аударғанда «көтерілісшілер» деген сөз. Яғни робототехникамен әлемге танылуды көздеген мақсаттарын білдіреді. Бастапқы 2 ойында техникалық кедергілерден кішкене сүрінгенімен, кейін оқушылардың жеңіске жетуге ұмтылған табандылықтарының арқасында қалған 4 ойынды айқын көрсеткішпен ұтып, финалға өткен 4 команданың біреуіне іліккен болатынбыз. Финалда оқушыларымыз өздерінің мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып бас жүлдені ұтып алды – деді, командасының жетістігіне қуанған апайлары Сулейменова Жөндер.

Спорт

«БҰРҒЫЛАУ» – СПАРТАКИАДАНЫҢ БАС ЖЕҢІМПАЗЫ

Ернар Ешмұқан,
«Бұрғылау» ЖШС

Тамыз айының 26-27 күндері Атырау қаласындағы «Абай» орталығында, жыл сайынғы дәстүрге сай Қазақстан Республикасы мұнай-газ кешені қызметкерлері күніне орай «KazPetroDrilling» АҚ ұйымдастырған IV спартакиада өз мәресіне жетті. Бұл жолғы спорт додасына Холдингтің өзін қоса есептегенде, барлығы тоғыз компания қатысты. Олар: «KazPetroDrilling» АҚ, «Бұрғылау» ЖШС, «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» ЖШС, «Каскор-Машзавод» ЖШС, «ЖігерМұнайСервис» ЖШС, «МұнайФилдСервис» ЖШС, «КазТехМұнайСервис» ЖШС, «ТрубРемЦентр» ЖШС, «Мұнай көлік» ЖШС. Аталған компаниялардан келген 300-ден астам спортшы өз мекемелерінің намысын қорғау үшін екі күн бойы шағын футбол, волейбол, үстел теннисі, шахмат, садақ ату, жүк көтеру, арқан тарту тәрізді спорттың сегіз түрінен сынға түсті және брейн-ринг интеллектуалдық ойынына қатысты.

Жарыстың ашылу салтанаты командалардың шеруімен басталды. «KazPetroDrilling» АҚ Президенті Гайдар Нұртасұлы жарысқа қатысушылар мен жанкүйерлерді кәсіби мерекемен құттықтай келіп, ұжымдық қарым-қатынасты жақсартуға бағытталған спорттық іс-шарада командалардың барлығына толағай жетістіктер мен жеңіс тіледі. Құттықтау сөзден кейін Әнұран шырқалды. Одан соң спорт ойындарына кезек берілді.

Спартакиаданың негізі мақсаты – холдингке қарасты компаниялар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайту. Көзделген мақсат орындалды деуге толықтай негіз бар. Өйткені әр команда жеңіске лайық екендіктерін дәлелдеп, тартысқа толы бәсеке көрсете білді. Алайда «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей тартыс, дода болған жерде оның топжарар жеңімпаздары да болары анық. Жалпыкомандалық есепте 4 алтын, 5 күміс, 1 қола иеленген «Бұрғылау» командасы спартакиаданың бас жеңімпазы атанды. Ал екінші орынға 2 алтын, 1 күміс, 2 қола иеленген «Каскор-Машзавод» командасы тұрақтады. Жүлделі үшінші орынға 2 алтын, 1 қола жүлде иеленген «ЖігерМұнайСервис» командасы қол жеткізді. Жеңіске жеткен командалар мен қызметкерлерге медаль, диплом және кубоктар табысталды.

Шындығында екі күнгі жарыс барысы барша қатысушыларды бір серпілтіп тастады. Жарыстың соңғы күні «Grand Asia» мейрамханасында спартакиаданың салтанатты жабылу рәсімі болды. Рәсім барысында спартакиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері марапатталды және осы шараның құрметіне орай эстрада жұлдыздары өнер көрсетті. Тоғыз мекеменің басын қосып дүбірге бөлеген ауқымды іс-шара осылай аяқталды.

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА ҚОЛА МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ

Тамыз айының 18–23 аралығында Дубай (БАӘ) қаласында жастар арасындағы парапауэрлифтингтен әлем чемпионаты өтті. Жарысқа 81 мемлекеттен 500-ге жуық спортшы қатысты. Әр мемлекеттің намысын абыроймен қорғап, туын көкте желбірету үшін бар мүмкіндіктерін бәйгеге тігіп келген кілең таудың тасындай іріктелген мықтылардың басын қосқан әлем чемпионатында әріптесіміз Ақмолдаев Орынбасардың ұлы Ақмолдаев Шалқар 80 кг салмақта бағын сынап, елімізге қола жүлде сыйлады.

Чемпионның әкесі Ақмолдаев Орынбасар «Бұрғылау» мекемесінде ОИТҚ бастығы қызметін атқарады. Ол – жиырма жылдан асатын қызметінде кәсіпорындағы бұрғышы көмекшісінен бастап орталық-инженерлік техникалық қызмет бастығына дейін көтерілген үздік маман әрі отбасында ардақты әке. Осындай үлкен қуанышты бөліскен сәтімізде жылы лебізімізді қабыл алған Ақмолдаев Орынбасар ұжымдастарына ризашылығын білдіріп, ұлының жетістіктерімен бөлісті.

– Бала үшін өмір сүріп, солардың болашығы мен келешегіне алаңдамайтын ата-ана жоқ шығар. Мен де ерекше болып дүниеге келген Шалқар ұлымды қоғам ортасына бейімдеу үшін бар мүмкіндігімді жұмсап келемін. Алғаш спортқа берген кезімде чемпион болуы үшін емес, денсаулығын шынықтыру мақсатында берген едім. Кейін жақсы нәтижиелерге қол жеткізе бастаған сәттерде үмітіміз асқақтай берді десек те болады. Рақмет Өтесінов атындағы спорт кешенінде жаттығуларын бастаған ұлым қалалық жарыстардан бастап, үлкен жарыстарға қатысып жүлделі орындарды иеленді. Оның ішінде Қазақстан Республикасы чемпионатының бірнеше дүркін чемпионы атанды. Артынан жетістіктеріне орай Ақтау қаласындағы «Маңғыстау-Арена» спорт кешеніне ауысты. Қазір сол жерде Арсылан Сүйіншалиев деген жаттықтырушысының дайындауымен жаттығуда. Бұл – Шалқардың әлем чемпионатындағы алғашқы жеңісі. Алда әлі талай толағай жеңістердің дәмін татады деген үмітіміз бар, – деді ұлының жетістігіне қуанған Ақмолдаев Орынбасар.

– Аллаға шүкір, Дубайда өткен жастар арасындағы әлем чемпионатында 80 кг салмақта 115 кг көтеріп, 3 орынға ие болдым. Бұл мен үшін үлкен жарыстарымның бірі болды. Жарыс алдында салмақ жағынан қиындықтар туындады. Бірақ, соған қарамастан, жеңіске жетсем деген ұмтылысым алға жетеледі. Біріншіден ата-анама үлкен алғыс білдіремін, менің ең бірінші қолдаушыларым. Одан соң бапкерім Арсылан Сүйіншалиевке деген алғысым шексіз. Менің осындай жетістікке жетуіме үлкен үлесін қосты. Үнемі жаттығуда менің техникама өте қатты көңіл бөліп, орын алуыма үлкен жұмыс атқарды. Сонымен қатар осы спортқа келуіме себепші болған бапкерім Сейдов Құралбекке де алғысымды білдіремін. Спорттың ең басты талаптарын сақтап, жаттығуды үздіксіз жасау үшін тәрбиелеген бапкерлерімнің үлестері көп. Алда талай асулар мен белестер бар, табанды түрде еңбек ету арқылы солардың бәріне жетемін бұйырса, – деді болашағына үлкен сенім артқан чемпион Шалқар Орынбасарұлы.

Жеңістің дәмін тату үшін үздіксіз жаттығу мен талмас табандылық қажет. Осыны жақсы түсінетін чемпионымыз Шалқар қазіргі уақытта оқуына да, жаттығуларына да уақытылы үлгеріп жүр. Технологиялық процестерді автоматтандыру және басқару мамандығы бойынша білім алып жүрген Шалқар Ақтау қаласындағы Ш. Есенов атындағы колледжінің 3 курс студенті. Мақсаттарын айқын, болашағын жарқын етуге талпынған чемпионымызға толағай табыстар мен жоғары жетістіктер тілейміз!

ҚЫЗЫЛЖАРДА «БҰРҒЫЛАУДЫҢ» БОКСШЫЛАРЫ ТОП ЖАРДЫ

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Дене шынықтыру және спорт басқармасы «Ринг патшасы» турнирін алты жыл қатарынан өткізіп келеді. Бұл – мыңдаған аудиторияны жинайтын, бокс жанкүйерлері арасында ерекше құрметке ие болған бірегей жоба.

Дәстүрлі жалғасын тапқан халықаралық ашық турнирге биыл Алматы, Астана, Атырау, Шымкент, Ақтау, Жаңаөзен, Жезқазған, Қарағанды, Көкшетау, Қызылорда, Павлодар және Тараз қалаларынан бөлек Қырғызстан, Ресей және Өзбекстаннан келген былғары қолғап шеберлері де қатысты. «Ринг патшасы-2023» белдігін иемдену үшін мықты дайындықпен келген елуге жуық қатысушы алты салмақ дәрежесі бойынша сайысқа түсті. Әдеттегідей, финалдық жекпе-жектер жарқын және әсерлі өтті. Бір ерекшелігі, мұндай жарыс тек қана Қызылжар (Петропавл) өңірінде өтіп тұрады екен.

Әбден тіс қаққан ардагер боксшылардың басын қосқан дүбірлі додада «Бұрғылау» мекемесінің қызметкерлері Бақытжан Искаков (81 келі салмақта), Марат Өтегенов (81 келі салмақта) және Талғат Ақтуриев (91+ келі) салмақта бақтарын сынаған болатын. Үш кездесу өткізіп, үшеуінде де жеңіске жеткен Марат финалда әріптесі Бақытжанмен шаршы алаңға шығып ұпай санымен жеңіс тұғырын бағындырды. Бұл жарыста Марат өзінің осал еместігін тағы да дәлелдеп, екінші мәрте «Ринг патшасы-2023» халықаралық турнирінің белдігін иеленді. Ал осы салмақта финалға дейін қарсыластарын айқын басымдылықпен жеңіп келген Бақытжан күміс жүлдеге ие болды. Жарыстың аса ауыр 91+ келі салмағында бағын сынаған Талғаттың қарсыластары өте мықтылар болды. Дегенмен Талғат үшінші орынды алып тұрған жерінен төрешілер тарапынан әділетсіздік орын алып, қарсыласы қызылжарлық боксшының пайдасына шешілді.

Турнирдің қорытындысы бойынша бірінші орын иегерлеріне «Ринг патшасы-2023» турнирінің белбеулері мен 150 мың теңге көлемінде сыйақы берілді. Ал күмісті еншілегендерге – 100 мың, қола жүлдегерлерге – 50 мың ақшалай сыйлықтар табысталды.

Жеңімпаз жігіттер жаттықтырушыларымен бірге «Бұрғылау» мекемесінің Бас директоры Қанат Ермекұлымен кездесіп, ризашылықтарын білдірді. Кездесу барысында дүбірлі додада топ жарған әріптестеріміз Марат пен Бақытжан жаттықтырушылары Қайрат Ержановпен бірге жарысқа қатысуға қолдау білдіріп, демеушілік жасаған «Бұрғылау» мекемесіне алғыстарын жаудырып, «Erzhanov-Boxing-Club» бокс мектебі атынан «Алғыс хат» және естелік кубогын табыстады.

Жаңалықтар

ТҮБІЖІК КЕН ОРНЫНА

бұрғылау мұнарасының кескіні тұрғызылып, арнайы тақтатас орнатылды

Маңғыстау өлкесі бойынша ең алғаш бұрғы түскен алаң – Түбіжік кен орнын игерушілердің есімдерін ұлықтау мақсатында осы тарихи орынға арнайы тақтатас және БҚ-75 қондырғысының макеті орнатылды. Бұл шара Түбіжік кен орнында 1951–1961 жылдар аралығында жер асты қазба байлығын зерттеуге атсалысқан барлаушы-бұрғышылардың ерен еңбектерін кейінгі ұрпақ біліп жүруі үшін ұйымдастырылды. Аталған игі шара «Бұрғылау» ЖШС, «ӨзенМұнайГаз» АҚ және Түпқараған аудандық әкімшілігінің қолдауымен, Жаңаөзен қаласының құрметті азаматы – Қарамұрзаев Болатбай, мұнайшы – Қыдырбаев Аймырза, ауған соғысының ардагері – Адилов Оразалы, кәсіпкер – Ғайниев Ермек, мұнайшылар – Медеуов Дүйсен, Есенжан Сәрсенбай секілді азаматтардың ұйымдастыруымен жүзеге асты.

Түбектегі қара алтынды барлау-бұрғылау жұмыстары өткен ғасырдың орта тұсында басталды. Сол тұста Түпқарағаннан 34 шақырым қашықтықта орналасқан Түбіжік кен орнына 70-тей жұмысшы жұмылдырылған еді. Міне, сол ардагерлер мұнай фонтанының атқылауына куә болып, одан соң оны ары қарай игеруге өздерінің сүбелі үлестерін қосты.

Салтанатты іс-шараға ардагер мұнайшылардың туыстары мен ұрпақтары қатысты. Игі іске атсалысқандарға алғыстарын жеткізді. Ұйымдастырушылар осыдан екі жыл бұрын басталған бұл жұмыстың оңай болмағанын айтты. Шара барысында ардагер мұнайшылар кейінгі ұрпаққа 2043 жылы ашылуы тиіс капсуланы аманаттады. Салтанатты жиын барысында өндірістік кәсіпорын тарапынан шараны ұйымдастырушыларға «Алғыс хаттар» табысталды.

Қазақ мұнайының тарихында өзіндік қолтаңбасын қалдырған майталман мұнайшылардың қажырлы еңбегі әрқашан ел есінде қалмақ.

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Сіздерді «ЖігерМұнайСервис» ЖШС-нің және жеке өз атымнан кәсіби мереке – Қазақстан Республикасы мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күнімен құттықтаймын!

Біз еңбек етіп жатқан саланы Қазақстанның ұлттық байлығы деп бекерге айтпайды. Себебі мемлекеттік бюджеттің ең көп бөлігін осы мұнай-газ саласының кәсіпорындары қамтамасыз етеді. Еліміздің әлемдік аренада танылып, халықаралық инвестициялар үшін тартымды болып жатқаны да осы мұнай ресурстарының арқасы. Сондықтан біз бәріміз бірлесе жүріп елімізді гүлдендіру жолында еңбек етудеміз. Мұнай саласы ерен еңбекті қажет етеді.

Сонымен қатар қыркүйек айының соңғы жексенбісінде аталып өтетін кәсіби мереке – машина жасаушылар күні туралы да айта кеткім келеді. Біздің компаниямыз үшін бұл күннің маңызы зор. Өйткені өзінің негізгі қызметі бойынша «Каскор-Машзавод» ЖШС сияқты «ЖігерМұнайСервис» серіктестігі де Қазақстан Республикасы машина жасаушылар Одағының құрамында. Сондықтан біз «ЖігерМұнайСервис» ЖШС қызметкерлерінің кәсіби мерекесі – машина жасаушылар күні болады деген шешім қабылдадық. Мұнай-газ кешені секілді машина жасау саласы да көп жағдайда елдегі өнеркәсіптің даму динамикасы мен экономиканың артарапты ғын айқындайды.

Бүгінгі таңда біздің еліміздің алдында тұрған басты міндеттердің бірі – бұл өндіруші салаларды нығайту үшін машина жасау өнеркәсібін дамыту. Себебі экономикалық тұрғыдан тұрақты ілгерілеу мәселесінде машина жасау саласы өзекті рөл ойнайды. Технологиялық даму қарқыны күшейген қазіргі уақытта машина жасау саласы қызметкерлерінің еңбегі бәсекеге қабілетті әрі сапалы отандық өнімдер өндірісін одан әрі өрістетудің негізіне айналды.

Холдингтегі әріптестердің бәріне қажырлы еңбектері үшін алғыс білдіре отырып, кәсіби мерекелерімен құттықтаймын! Табанды еңбек пен ынтымағы мықты командалардың арқасында алға қойған батыл жоспарларыңыздың бәрі орындала берсін! Сіздерге мол табыс пен жемісті еңбек, бақыт, денсаулық және кәсіби тұрғыдан жаңа жетістіктер тілеймін!

Эльдар Байболов,
«ЖігерМұнайСервис» ЖШС Бас директоры

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӘСІПОРЫНДАҒЫ РӨЛІ

Ақтоты Төленова,
«ЖігерМұнайСервис» ЖШС
Сапаны басқару бөлімінің бастығы

Қазір Қазақстан нарығында және тіпті одан сырт жерлерде де СМЖ сертификатымен ешкімді таңғалдыра алмайсың. Өйткені ол – өзінше бір тренд. Сапа менеджменті жүйесін сертификаттау немесе оны сертификатсыз енгізу – кәсіпорын басшылығының белсенділігіне қарай ерікті түрде қабылданатын шешім. Бұл жердегі басты мәселе ұйымның мақсаты мен стратегиясы ұзақмерзімді жұмыстарға және қаржылай тұрақтылыққа қаншалықты негізделетіндігіне байланысты болады.

Әлдебір жүйе болмаса өндірісті бабына келтіре алмайтынын кез келген сауатты басшы түсінеді. Сонымен қатар оған сыртқы аудит секілді тысқары көзқарастың да қажет болатыны белгілі. Міне, осыдан соң СМЖ-ны енгізу ғана емес, ұйымды басқару тиімділігін арттыру үшін оны сертификаттау қажеттігі де туындайды. Сапа менеджменті жүйесін енгізу арқылы кәсіпорын басшылығы ұйымдастыру процесін жүйелендіру, қызметкерлерді ынталандыру, ресурстарды қолжетімді ету тәрізді көптеген маңызды аспектілерге ұмтылатынын көрсетеді.

«ЖігерМұнайСервис» серіктестігінде сапа менеджменті жүйесін енгізу және оның сертификатын алу үрдісі 2013 жылы басталды. Компания сертификациядан өту үшін API (Американдық мұнай және газ институты) ұйымын шақырды. Әлемдік сертификация қызметінде үздік саналатын бұл ұйым сапа менеджменті жүйесін сертификаттау мәселесіне өте қатаң қарайтындығымен танымал.

Солай дегенмен, СМЖ-ны жақында ғана енгізе салып API стандарттарына өтініш білдіргеніне қарамастан, «ЖігерМұнайСервис» серіктестігі алғашқы сертификациядан сәтті өтті. Содан бері әр жыл сайын сертификаттау рәсімінен ойдағыдай өту арқылы біздегі өндіріске енгізілген процестердің бәрі қолданыстағы стандарттарға сай екендігін дәлелдеп келеміз. Бүгінде «ЖігерМұнайСервистің» толығымен пісіп-жетілген сапа менеджменті жүйесі өзінің қабілеті мен өнімділігін API-дің сыртқы аудиторларына ғана емес, тапсырыс берушілер мен серіктестерге және ұйымдағы қызметкерлерге талай мәрте дәлелдеп үлгерді.

2023 жылы «ЖігерМұнайСервис» серіктестігі сапа менеджменті жүйесін API Q1/ISO 9001 стандартының талаптарына сәйкестендіріп ресертификациялау процесінен өтті. Сонымен қоса компания бұранда ойығын жасау процесін де API 7-1 стандартының талаптарына сәйкестендіру арқылы сертификат алды.

Әрине, ре-сертификациялау процесі оңай емес. Ондайда ішкі және сыртқы процестердің өзара қарым-қатынасы үйлесімді, басшылық көреген әрі батыл, өкілетті қызметкерлердің жұмысы мен өндіріс процесі жүйелі болған жағдайда ғана оңды нәтижеге қол жетеді. Осыдан соң кезекті мәрте API сертификатын алған ұйымның мақтануына болады. Өйткені ол сол арқылы бұл жүйенің жанды екендігін және әрдайым жетіле беретіндігін, өзінің мұнай мен газ саласындағы сенімді жеткізуші әрі серіктес екендігін жұрттың бәріне дәлелдейді.

Сапа менеджменті жүйесін қолдап жетілдірудің басқару процесіне де, қаржылық іс-әрекетке де оңды әсер ететінін компания басшылығы жақсы түсінеді. Өйткені ондай ұйым республика нарығында экономикалық жағынан басым болады. «ЖігерМұнайСервис» серіктестігі үшін өзара тиімді қарым-қатынас стратегиялық басымдықтардың бірі саналатыны сондықтан. Алға қойылған мақсат-міндеттерге жетудің бірден-бір кепілі – бұл ұтымды жұмыс істейтін басқару жүйесі.

Спорт

СПАРТАКИАДА: «ЖІГЕРМҰНАЙСЕРВИС» ҮШІНШІ ОРЫНДА

Гауһар Орынбасарова,
«ЖігерМұнайСервис» ЖШС

«KazPetroDrilling» Холдингінің ұйымдастыруымен Атырауда өткізілген кезекті спартакиада өте қызықты болды. Тартысқа толы спорт додасына қатысушылар бар күштерін салды. Жеңіске жетіп қуанғандар да, жеңіліп өкінгендер де аз болған жоқ. Осы орайда біздің командамызға алтын медальдар әкелген садақшыларымыз – Жәнібек Саламатұлы мен Екатерина Теленкованың есімдерін айырықша атап өткім келеді. Былтырғы спартакиадада үшінші орынды қанағат тұтқан спортшыларымыз биыл топ жарып алға шығып, жеңіс тұғырына көтерілді. Табанды талпыныс пен қажырлы еңбектің нәтижесі дегеніміз – осы. Жәнібек ақтық мәреге шыққан сәтте қарсыласынан – 21 ұпайға, ал Катя – 24 ұпайға басым түсті.

Былтырғымен салыстырғанда биылғы спартакиаданың ережесі күрделі болды. Себебі былтыр финалға шыққан спортшыларды ұпайларының жалпы санына қарай іріктелсе, биыл жылжымалы нысананы дәл көздеп ату сынағы ұйымдастырылды. Соған орай жарыстың соңғы сәттері де ерекше қызықты болды, үлкен залдың іші айғай-шуға толды. Ұпай саны бойынша тең түскен жеңімпаздарға 2-інші раундқа өтіп, тағы да садақ тартуға тура келді.

* * *

«ЖігерМұнайСервис» командасы футболдан қола медаль алды. Бастапқыда ол «KazPetroDrilling», «Каскор-Машзавод», «ТрубРемЦентр», «КМГ-Бұрғылау» командаларының арасында жақсы ойын көрсетіп, 8 ұпаймен жартылай финалға өтті. Жартылай финалда «Бұрғылау» командасымен кездесті. Өкінішке орай 3-1 есебімен ұтылып қалды. Бірақ беті қайтпады. Бұдан соң біздің жігіттер «ҚазТехМұнайСервис» командасын 6-0 есебімен ұтып, жалпы нәтиже бойынша үшінші орынға тұрақтады.

Тек футбол ғана емес, барлық спорт түрлерінен белсенділік танытқан «ЖігерМұнайСервис» командасы жалпыкомандалық есеп бойынша да үшінші орынға лайық деп танылды. Ал бірінші, екінші орындар «Бұрғылау» және «Каскор-Машзавод» командаларына бұйырды.

Мерейтой

БИІК БЕЛЕСТЕРДІ БАҒЫНДЫРҒАН 20 ЖЫЛ

Әсел Нұрланқызы,
«МұнайФилдСервис» ЖШС

Өткен жұма күні, мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында, «МұнайФилдСервис» ЖШС 20 жылдық мерейтойын атап өтті. Салтанатты жиын «Мұнайшы» мәдениет үйінде ұйымдастырылды. Мерекелі шараға Маңғыстау облыстық мәслихатының төрағасы Ж.Матаев, «KazPetroDrilling» АҚ вице-президенті Қ.Елеусінов, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақтау қаласындағы өкілдігінің департамент директоры А.Нұрдәулетов, қала әкімі А. Қосуақов, сала ардагерлері мен мекеме басшылары қатысты. Жиынның негізгі бөлімі басталмастан бұрын мекеменің тарихынан сыр шертетін бейнефильм көрсетілді. Содан соң халықтық «Гүлдәурен» би ансамблі «Шашу» биімен кештің шымылдығын ашып берді. Қала әкімі Айбек Қосуақов жиналғандарды мерейлі мерекемен құттықтады.

Қала әкімі Айбек Қосуақов мұнай-газ саласының дамуына қосқан сүбелі үлестері үшін бір топ қызметкерлерге Маңғыстау облысы әкімінің және қала әкімінің «Алғыс хаттарын» табыстады. «KazPetroDrilling» АҚ вице-президенті Қ.Елеусінов баяндама оқып, бірқатар қызметкерлерге холдинг президенті атынан арнайы марапаттарды табыстады. Сондай ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК, «ӨзенМұнайГаз» АҚ атынан арнайы «Алғыс хаттар» берілді.

Мұнай мен газ – табиғат ананың дарқан даламызға берген сүбелі сыйы, құтты жерге қоныс тепкен ұрпақтың құнды сыбағасы. Осыдан 20 жыл бұрын мұнай қабаттарын сумен жару, ұңғымаларды күрделі жөндеу қызметтеріне сырттан компания, серіктестіктер тартыла бастаған кезеңде өмірге келген «МұнайФилдСервис» серіктестігі өзінің өміршеңдігін танытып, қазіргі уақытта үлкен басқармаға айналды. Жерасты қабаттарын сумен жару, ұңғымаларды күрделі жөндеуден өткізу сияқты сервистік қызметтерді көрсетумен айналысатын серіктестік өзіндік жолы мен тәжірибесін, кадрлар мектебін, техникалық паркін қалыптастыра білді. Қазіргі таңда халқымыздың тұрмыс-тіршілігінің жақсарып, экономикамыздың еңселі дамуына «МұнайФилдСервис» мекемесінің тигізіп отырған пайдасы зор.

Мекеме ашылған сәтте алғашқы басшысы болған Ильгам Махаддинович Гусейновтың сүбелі еңбегін жалғастырған Ерлан Макеев, Рашит Мұхатов, Арман Қосқұлақовтардың басшылығымен мекеме еліміздегі ең ірі мұнай және газ өндіру саласында қызмет көрсетуші «KazPetroDrilling» акционерлік қоғамының құрамына енді.

Бүгінгі таңда «МұнайФилдСервис» ЖШС мұнай өндіру мекемелеріне қабатты сұйықтықпен жару, ұңғыманы күрделі жөндеу, ұңғыманы түпкілікті жою жұмыстарын жүргізу секілді мамандандырылған қызмет түрлерін көрсетіп келеді. Мекеме 2003-2017 жылдар аралығында гидравликалық жару қызметін Біріккен «КАТКОнефть» мердігер мекемесінің техникалық күшін пайдалана отырып жүзеге асырды. 2017 жылы құрылтайшылардың стратегиялық маңызды шешімімен мекемеде Қабатты сумен жару (ҚСЖ) флоты ашылды. 2020 жылдың тамыз айынан бастап Нұрлан Белшер мекеменің Бас директоры қызметіне тағайындалды. Осы жылы лаборатория қызметкерлерінің қажырлы еңбегінің арқасында аккредитациялаудан өтіп, «Ұлттық аккредитациялау орталығының» шешімімен бұл кабинет еліміз бойынша тұңғыш жерасты қабаттарын гидравликалық жару қызметі «Зерттеу лабораториясы» статусына ие болды. Мекеме жұмысшыларының ерен еңбегінің нәтижесінде 3 мыңнан аса ұңғымаға қабаттарды сұйықтықпен жару, 2012-2016 жылдары 236 ұңғымаға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізді. Ал 2013-2017 жылдары 549 ұңғыманы толықтай жою жұмыстарын жүзеге асырды.

2020 жылы – 274 ұңғымаға, 2021 жылы – 308, 2022 жылы – 413 ұңғымаға қабаттарды сұйықтықпен жару жұмыстары жүргізілді. 2022 жылы «Tenge Oil&Gas» компаниясымен келісімшартқа қол қойылып, 2023 жылдан бастап аталған компанияға қызмет көрсету жұмыстары қолға алынды. Компанияда өндірісті модернизациялау жұмысы қарқынды іске асырылып келеді.

Жиын барысында бірқатар қызметкерлер «Алғыс хатпен» марапатталды. «Үздік цех», «Үздік ұңғымаларды күрделі жөндеу цехы», «Үздік бұрғышы» номинациясымен марапатталғандарға қаржылай сертификат берілді.

Мереке күні №9 бригада шебері М.Бисебаевқа автокөлік кілті табысталды. Мұратхан

Бисебаев 1971 жылы 10 ақпанда Түрікменстанда дүниеге келген. С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университетін «Техника және технологиялар», Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «Заңгер» мамандығы бойынша тамамдаған. 2007 жылы 1 шілдеде «МұнайФилдСервис» мекемесіне 5-дәрежелі бұрғышы болып қабылданып, кейін ұңғыманы күрделі жөндеу шебері, 5-дәрежелі бұрғышы қызметін абыроймен атқарды. Ал 2014 жылдан бастап шебер қызметін атқарып келеді. Су жаңа көлікке ие болған шебер қуанышын көпшілікпен бөлісіп, жылдар бойы еңбегін бағалаған мекеме басшылығына алғысын айтты.

Мерекелік кештің соңы «Джахан» тобы орындаған ән-шашуымен аяқталды.

Жиырма жылдық мерейтойдың жалғасы ретінде Жаңаөзен қаласындағы Әмин Тұяқов атындағы стадионда қазақстандық және шетелдік эстрада жұлдыздарының қатысуымен Гала концерт өтті. Гала концертке шамамен 15 мыңға жуық қала тұрғыны қатысты. Жаңаөзендіктерге кіруі тегін ұйымдастырылған шарада Тұрар Ыдырыс, Қуандық Рахым сынды қазақстандық әншілермен қатар армян әншісі Саро Варданян жанды дауыста ән шырқады. Гала концерт соңы отшашуға ұласты.

Жаңалықтар

ДЕПУТАТТАР КӘСІПОРЫННЫҢ ЖАЙ-КҮЙІМЕН ТАНЫСТЫ

2023 жылдың 10 тамызы күні Маңғыстау облысынан сайланған ҚР Парламенті Сенатының депутаты, экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы Сүйіндік Алдашев пен Маңғыстау облыстық мәслихатының төрағасы Жаңбырбай Матаев «МұнайФилдСервис» ЖШС ұжымында болды. Компанияның Бас директоры Нұрлан Тоқмағанбетұлы ресми қонақтарды мекемедегі өндірістік базамен және күрделі жөндеуден өткен спорт кешенімен, жатақханамен таныстырды. Еңбек ұжымының жетістіктері мен жұмыс жоспарларын көрсетіп, серіктестіктің 20 жылдық мерейтойына орай жүргізіліп жатқан дайындық жұмыстары жөнінде толық ақпарат берді.

Кездесу барысында бірқатар маңызды мәселелер ортаға салынып, жан-жақты талқылаулар болды. Іс-шараның соңында сенатор мекеменің алдағы жұмыс жоспарларына сәттілік тілеп, айтылған мәселелерді бақылауына алатындығын жеткізді.

Өндіріс тынысы

ҚСЖ ЦЕХЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ӘРҚАШАНДА МАҢЫЗДЫ

«МұнайФилдСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің негізгі қызметі – жерасты қабаттарындағы мұнай көздерін ашу. Ғылыми тілмен айтқанда, ұңғыманың өнімділігін арттыру үшін гидравликалық жару әдісін пайдалану. Серіктестік 20 жылдық тарихында негізгі міндеті ретінде Өзен және Қарамандыбас кен орындарын игеріп отырған «ӨзенМұнайГаз» компаниясының ұңғымаларына қызмет көрсетіп келеді. Бұл қызметті жерасты қабаттарын сұйықтықпен жару цехы орындайды.

Бірнеше жылдан бері Бауыржан Иламанов басқарып келе жатқан цехта штат бойынша – 31, аутсорсинг бойынша – 8 маман жұмыс жасайды. Олар вахталық әдіспен екі ауысымда қызмет етеді.

– Гидравликалық жару процесі жылдар бойы сыналып, тәжірибеден өтті. Сөйтіп, озық технологияның нәтижелі екендігі дәлелденген соң ғана қолданысқа енгізілді.

Әдетте гидравликалық жару әдісі өнімділігі аз, қабат қысымы жоғары, өткізгіштігі төмен ұңғымаларға пайдаланылады. Бұл әдіс жерасты қабатының өткізгіштігін және мұнайдың ұңғымаға ағуын жоғарылатуға мүмкіндік береді. Қабатты сұйықтықпен жару кезінде жарықшалар салу, оларды ашық күйде сақтау, қабаттың өнімділігін жоғарылату сынды тапсырмалар орындалады, – дейді цех басшысы Бауыржан Иламанов. – Жерасты қабатын сұйықтықпен жару цехы нақты алгоритммен жұмыс жасайды. Алдымен тапсырыс берілген ұңғыма маңындағы резервуарға су толтырылады. Скважина басына бірінші болып қабатты сұйықтықпен жаруға арналған араластырғыш қондырғы (блендер) жіберіліп, техникалар тізбегі сорғы қондырғысы, жылжымалы лаборатория секілді көліктермен жалғасады. Үш сорғы қондырғысы блендерге жалғанады. Басқару станциясы бүкіл процесті жарықтандыру мақсатында арнайы генератормен жабдықталады. Гидравликалық жару процесі осындай күрделі де қызықты жұмыс алаңында іске асады.

Б. Иламановтың айтуынша, тиісті пакер отырғызылғаннан кейін ұңғымаға пропант жіберіледі. Соңғы жылдарда жұмыс барысында заманауи әдіс-тәсілдер, технологиялар пайдаланылып келеді. Соның бірі – пропанттың тұнып қалмауы үшін гель күйіне жеткізу әдісі.

– Бүгінгі таңда барлық салада, соның ішінде өндірісте де, көптеген жаңалықтар енгізілуде. Олардың басым көпшілігі жұмысты оңтайландыруға, тиімділігін арттыруға, адам еңбегін жеңілдетуге арналған. Осы орайда серіктестік құрылымындағы біздің цех та алға қойылған мақсат-міндеттерді орындап, нәтижелі жұмыс көрсетіп келеді, – дейді цех басшысы. Гидравликалық жару әдісі елімізде мұнай өндіру ісінде жарты ғасырға жуық уақыттан бері қолданыста. Бүгінгі таңда цех құрамында ортақ мүдде жолында абыройлы еңбек етіп келе жатқан кәсіби мұнайшылар баршылық. Солардың ішінде Боранхан Айдапкелов, Баранбай Жұмабаев сынды азаматтарды атап өтуге болады. «МұнайФилдСервис» серіктестігі үшін гидравликалық жару жұмыстарын ұйымдастыру ғана емес, оның барынша нәтижелі болуы маңызды. Сол үшін ҚСЖ орындалған ұңғыманың өнімділігі әрдайым басты назарда болады.

Жаңалықтар

МЕРЕЙТОЙ ҚАРСАҢЫНДА СПОРТ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ

Әсел Нұрланқызы,
«МұнайФилдСервис» ЖШС

29 тамыз күні «MunaiFieldService» базасы аумағында серіктестіктің 20 жылдық мерейтойына орай мерекелік шара ұйымдастырылды. Салтанатты шара барысында алдымен күрделі жөндеуден өткен спорт кешенін ашу рәсіміне кезек берілді. Жаңаөзен қаласы әкімінің орынбасары Жаңабай Аймағанбетов пен «KazPetroDrilling» АҚ вице президенті Қайырбек Елеусінов спортзалдың лентасын қиды.

Осы басшылармен қоса Жаңаөзен қалалық мәслихатының төрағасы Ғалым Байжанов құттықтау сөз сөйледі. Бұдан кейінгі кезек спортзалдағы алғашқы футбол ойынына берілді. «Burgylau» және «MunaiFieldService» ЖШС қызметкерлерінен құралған шағын футбол командалары ойын өткізді. Жаңа спортзал шағын футбол, волейбол, баскетбол және үстел теннисі сияқты ойындар өткізуге толық жабдықталған. Сонымен қатар мұнда толыққанды жаттығу залы мен жуынуға арналған бөлмелер бар.

Мерекелік іс-шараның бұдан кейінгі бөлігі база аумағында тігілген ағаш үйлер маңында жалғасты. Бұл жерде еңбегімен көзге түскен қызметкерлерге Жаңаөзен қалалық мәслихаты мен мекеме басшылығының «Алғыс хаттары» мен марапаттары табысталды.

Өндіріс тынысы

ДУНГА КЕН ОРНЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР СӘТТІ ЖАЛҒАСУДА

Мұрат Мұқаш,
KPD news газетінің редакторы

«TOTAL E & P Dunga» жобасы бойынша «ҚазТехМұнайСервис» серіктестігінің бригадасы жұмыс істеп жатқан кен орнында қазір АПР-80 көтергіш агрегаты қолданылуда. Негізінен ұңғымаларды жөндеуге және бұрғылауға арналған бұл құрылғы мейлінше тереңдікте жұмыстар жүргізуге, сондай-ақ жөндеу шаралары барысында туындайтын апатты жағдайларды жоюға мүмкіндік береді. Арнайы автокөлікке орнатылған агрегат бір ұңғымадан екіншісіне ауысу, ұңғымаға монтаж және демонтаж жүргізу, сорғы-компрессорлық және бұрғылау құбырлары мен сорғы штангаларын көтеріп-шығару, ұңғымаларды жою, құмды кептелістер мен цемент стакандарды бұрғылау, металл бұйымдарды өңдеу, бұрғыланған ұңғымаларды игеру, қосалқы оқпан қазу және диаметрі тар ұңғымалар қазу жұмыстары үшін өте қолайлы.

– «TOTAL E & P Dunga» және «ҚазТехМұнайСервис» компанияларының арасындағы келісімшарт бойынша, 2023 жылдың қаңтар айынан бастап тікелей басшымыз Қайбалдиев Ерқанат Сағатұлының басқаруымен, осы Дунга кен орнында жұмыс істеп жатырмыз. Бірден айта кетейін, біздің жұмысымызда халықаралық стандартқа сай жасалған АПР-80 көтергіш агрегатының маңызы бөлек. Өйткені негізгі жұмыстардың бәрі осы техниканың көмегімен атқарылады.

Бүгінде біз кен орнындағы тәжірибелі мамандармен бірлесе жүріп, алғашқы DGA №158V ұңғымасынан бастап 46 ұңғыманы игеру жұмыстарын бітіріп, «TOTAL E & P Dunga» мекемесіне тапсырдық. Биылғы шілде айынан бастап изоляция, перфорация, авариялық жөндеу жұмыстарын жасау үшін DGA №240V ұңғымасына екінші көтергіш агрегаттың мұнарасын құрдық. «Halliburton», «BakerHughes», «Wellbore Integrity», «Анега-Казахстан» сияқты мердігер мекемелермен бірлесе отырып игеру жұмыстарын атқарып, «TOTAL E & P Dunga» компаниясына сәтімен тапсырдық. Қазіргі таңда бригада DGA №144V ұңғымасындағы күрделі жөндеу жұмыстарымен айналысуда, – дейді «ҚазТехМұнайСервис» ЖШС-нің Дунга кен орнындағы учаске бастығы Жәнібек Болатұлы Калешов. – Біздің басты мақсатымыз: еңбек қауіпсіздігін қатаң сақтау және «TOTAL E & P Dunga» мекемесімен арадағы келісімшартқа сәйкес жоспарлы жұмыстарды уақтылы атқару.

Шындап келгенде, осы Дунга кен алаңында жасалып жатқан жұмыстардың бәрі біздің мекеме ұжымындағы ауызбірліктің, Бас директор Мустахим Онайұлы, өндіріс бастығы Жанболат Нуриддинұлы және басқа да аппараттағы жігіттердің жауапты қызметтерінің нәтижесі деп білемін.

Ұңғымаларды күрделі жөндеу жұмыстарын 70 жыл бойы атқарып келе жатқан «ҚазТехМұнайСервис» ұжымын мерейтойымен құттықтаймын! Жасампаз мекеменің мұнай-газ өнеркәсібінде бұдан да биік шыңдарды бағындыра беруіне тілектеспін!

Жер қойнауындағы «қара алтынды» халықтың қазынасына айналдыру мақсатында бірлесе еңбек етіп жатқан азаматтарға сәттілік серік болсын дейміз!

«БАЛКАН» «БҰРҒЫЛАУҒА» ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

«ТрубРемЦентр» серіктестігінде «Балкан» деп аталатын сервистік қызмет көрсету тобы бар. Аталған топ 2007 жылдан бері «Бұрғылау» компаниясына қызмет көрсетеді. 14 адамнан құралған шағын ұжымда ілмектеуші, бу қазанының операторы, электрші, кран машинисі тәрізді әртүрлі мамандық иелері жұмыс істейді.

СОРҒЫ ШЫБЫҚТАРЫН ҚАЙТА ӨҢДЕУ БӨЛІМІ

Орынбек Орынбасаров,
«ТрубРемЦентр» ЖШС

«ТрубРемЦентр» серіктестігінде кен орындарында пайдаланылған сорғы шыбықтарын (штанга) қайта өңдеу бөлімі жұмыс істейді. Бұл бөлім күніне 150-ден астам шыбықтарды қайта өңдеп тазалайды. Яғни штангалардың муфталарын ағытады да, жоғары қысымды ыстық сумен жуады.

Негізгі тапсырыс беруші – «ӨзенМұнайГаз» АҚ.

Бөлім 2 ауысым бойынша жұмыс жасайды. Әр ауысымда 6 қызметкер бар. Бөлім шебері – Жақанов Есет.

Сорғы штангалары дегеніміз – өзара муфталармен жалғанатын дөңгелек қималы болат шыбықтар. Бір ұшы ұңғымадағы сорғылардың плунжеріне жалғанатын бұл шыбықтар ырғалғыш станокты өзіне тарту және кері итеру қызметін атқарады. Яғни ұңғымадағы сорғыларды төмен түсіру және жоғары көтеру процесі осы штангалардың көмегімен жүзеге асады.

Коррозиялық ортаның зиянды әсерін азайту және төзімділігін арттыру үшін штангалар термоөңдеу процесінен өткізіледі. Сонымен қатар штангалар мен муфталар жылдам тозбау үшін протекторлы муфталар қолданылады.

Әдетте сақтау және тасымалдау барысында зақымданбау және былғанбау үшін штанганың ашық бұрандасына қорғаушы қалпақша кигізіледі, ал муфтаның ашық ұшы тығындалады.

Инновация

ӨНДІРІСТІК ПОРТАЛ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Орынбек Орынбасаров,
«ТрубРемЦентр» ЖШС

«ТрубРемЦентр» серіктестігінде өндірістік портал іске қосылды. Бұл жүйе кәсіпорын жұмысына айтарлықтай жеңілдіктер әкелді.

Портал іске қосылғаннан кейін, шілде айының басында, «KazPetroDrilling» АҚ ақпараттық технологиялар жөніндегі атқарушы директоры Айбек Орынбаев бастаған мамандар бүкіл ұжымға алғыс білдірді. Осы жобаға белсене атсалысқан қызметкерлерді Холдинг Президентінің «Алғыс хатымен» марапаттап, естелік сыйлықтар табыстады. Салтанатты рәсім барысында «ТрубРемЦентр» серіктестігіндегі сапа бақылау жөніндегі инспекторлар – Дариға Ұзақбаева, Бақыт Аймағанбетова, Зағипа Нұрмұқанова, Ерхан Зұлқайдар, сорғы-компрессорлық құбырларды жөндеу қызметінің диспетчері Күләш Қараева, өндіріс шеберлері – Рауан Тәжібаев, Светлана Зульпатова, Жамбыл Сергеев, Сағындық Есжанов, СКҚ және СШ жөндеу қызметінің есептеушісі Есет Жақанов, бизнесті дамыту жөніндегі менеджер Талант Ибраимов, қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі бас техникалық жетекші Болатбек Өтешқалиев, бас есепші Шынар Садырова, аға есепші Жанар Ұзақбаева, кадр бөлімінің қызметкері Аслан Жалғасбаев, материалдық-техникалық жабдықтау инженері Шарияр Жұмаханов секілді әріптестеріміз марапатқа ие болды.

Өндірісті дамытып, өнімділікті арттыруға бағытталған еңбектері еленіп, басшылықтың ықыласына бөленген әріптестерімізді құттықтаймыз!

Қамқорлық

КОМПАНИЯ БАЛАЛАРҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ

Биылғы шілде айында «ТрубРемЦентр» ЖШС қызметкерлерінің 7-13 жас аралығындағы балалары «Балдәурен-Алматы» және «Ақбөбек-Кендірлі» сауықтыру лагерьлерінде демалып қайтты. «Балдәурен-Алматы» – Алматы облысы Қапшағай қаласында, ал «Ақбөбек-Кендірлі» – Маңғыстау облысында, Каспий теңізінің жағалауында орналасқан.

Компания жазғы лагерьлерге жолдама беру арқылы 64 балаға қуаныш сыйлады. Лагерьге барған балалар табиғи экскурсиялар мен әртүрлі тақырыптық кештерге, үйірмелер мен секциялық сабақтарға, мәдени-танымдық және спорттық іс-шараларға қатысты. Бір сөзбен айтқанда, барлығы жақсы әсер алып, демалып келді. Балаларының осындай қуаныштарына риза болған ата-аналар, яғни біздің әріптестеріміз, мекеме басшыларына алғыс білдірді.

Спорт

БІЗДІҢ КОМАНДА ЖАҚСЫ НӘТИЖЕ КӨРСЕТТІ

Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай «KazPetroDrilling» АҚ-ның ұйымдастыруымен Атырау қаласында өткізілген спартакиада жарыстарында біздің командамыз біршама жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Атап айтар болсақ, брейн-ринг интеллектуалдық ойынынан «ТрубРемЦентр» 3-орынды иеленді. Ал 1-інші және 2-інші орындар «KazPetroDrilling», «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» командаларына бұйырды.

Сонымен қатар садақ ату сайысы бойынша да біздің қыз-жігіттеріміз мергендігімен көзге түсіп, жүлделі орындарға ілікті. Әйелдер арасында Әйгерім Киржанова 2-орын, ерлер арасында Ырысбек Жаңабай 3-орын алды.

Жалпы алғанда, Холдингке қарасты мекемелердің басын қосқан ауқымды іс-шара әріптестеріміздің көңілінен шықты. Қатысушылардың бәрі тамаша әсермен қайтты. «ТрубРемЦентр» командасы дәстүрлі спорт додасына келесі жылы бұдан да жақсы дайындықпен келетін болады.

Өндіріс тынысы

ЖАҢА ЗЕРТХАНА САПАНЫ АРТТЫРУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ

Орынбасар Қонысбаев,
«Каскор-Машзавод» ЖШС

Биылғы маусым айында кәсіпорын аумағында жаңа зертхана іске қосылды. Заманауи техникалармен жабдықталған бұл зертхана механикалық-физикалық сынақтар жүргізумен айналысады.



Егер қысқаша түсіндіріп өтер болсақ, металды механикалық сынақтан өткізу дегеніміз – бұл оның созылғыштығын, қаттылығын, иілгіштігін, соққыға және ыстыққа төзімділігін, сынғыштығын анықтау; Шарпи әдісі бойынша соққы жасау арқылы тексеру; сынықтағы тұтқыр компоненттің үлесін білу; Бринелл, Роквелл, Виккерс шкалалары бойынша қаттылығын тексеру. Сонымен қатар мұнда металдың сапасын оптикалық әдіспен анықтау, яғни металлография қолданылады. Сол арқылы металл өнімдердің құрамындағы микро және макрокомпоненттер зерттеледі, болаттар мен қорытпалардың химиялық құрамын анықтауға арналған спектрлік талдау жасалады.

– Мен осы зертханадағы техникалық бақылау және сапаны бақылау бөлімінде жұмыс істеймін, – дейді зертхана қызметкері Ілияс Тілеуханов. – «Каскор-Машзаводқа» 2021 жылы келгем. Бастапқыда сапа бақылаушы қызметін атқардым, өндірілген тауарлардың сапасын бақылаумен айналыстым. Жарты жылдан кейін метрология инженері қызметіне ауыстым. Онда менің жұмысым зауыттың өлшеу құралдарын, сондай-ақ олардың тұтастығын тексеру және калибрлеу болды. Содан кейін сапа бақылау инспекторы лауазымына қайта оралдым, яғни кіретін өнімдерді бақылап, тексердім. Ал қазір осы зертханада өз өнімдерімізді сынақтан өткіземін.

Алдағы уақытта атқаратын жұмыстарымыз өте көп. Үйренетін, зерделейтін құрал-жабдықтарымыз бен әдістер-тәсілдер де аз емес. Түптеп келгенде, солардың барлығы осы кәсіпорындағы өнімділікті арттыру және өнім сапасын барған сайын жақсарта түсу үшін атқарылатын жұмыстар.

Қамқорлық

ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Жаңа оқу жылы басталар алдында «Каскор-Машзавод» ЖШС басшылығы мекеменің 150-ге жуық қызметкеріне 20 000 теңгенің сертификаттарын табыстады. Бұл сертификаттар мекеме қызметкерлерінің 6–13 жас аралығындағы балаларына кеңсе тауарларын сататын «АБДИ» дүкенінен оқу құралдары мен кеңсе тауарларын алуға арналған. Компанияның осы қамқорлығына риза болған қызметкерлер кәсіпорын басшылығына алғыс айтты.

Спорт

БІЗДІҢ СПОРТШЫЛАРДЫҢ БАҒЫ ЖАНДЫ

Жыл сайынғы дәстүрге сәйкес 26-27 тамыз күндері Атырау қаласында «KazPetroDrilling» Холдингі ұйымдастырған IV спартакиадаға «Каскор-Машзавод» ұжымы да қатысып, 2 алтын, 1 күміс, 2 қола медаль еншіледі. Жалпы командалық есеп бойынша 2-орынды иеленді.

Бұл жолы біздің әріптесіміз, компаниядағы экономика және бюджет бөлімінің басшысы Асель Жолдыбаева 2 дүркін чемпион атанды. Ол үстел теннисі бойынша 2022 жылғы спартакиадада алтын медаль алған. Биыл сол жеңісін қайта қорғап, тағы да чемпион болды. Сайысқа түскен үміткерлердің мықтылығына қарамастан өзінің шеберлігін көрсете білді. Спорттың бұл түрінен біздің жігіттеріміз де үздіктер қатарына қосылды. Әріптесіміз Еркін Өгізбаев үстел теннисінен ерлер арасында қола медальға ие болды.

Шахматтан тамаша өнер көрсеткен тағы бір әріптесіміз – шаршы тақта шебері Рахат Сұлтанов та алтын медальға ие болды.

Біздің спортшыларымыз биыл шағын футболдан да өте жақсы нәтижеге қол жеткізді. Жарыс басталған сәттегі алғашқы кездесуді «Каскор-Машзавод» пен «ТрубРемЦентр» командалары өткізді. Тартысты ойын барысында 3:2 есебімен басым түскен «Каскор-Машзавод» спортшылары алғашқы 3 ұпайды еншіледі. Келесі кезекте «КазПетроДриллинг» құрамасымен кездесіп, 10:1 есебімен жеңіске жетті. Одан соң топтық кезеңдегі соңғы кездесуін «ЖігерМұнайСервис» командасымен өткізіп, 2:2 есебімен тең ойнап, 7 ұпаймен жартылай финалға жолдама алды. Жартылай финалда «ҚазТехМұнайСервис» құрамасымен кездесіп, негізгі уақытта 1:1 есебімен тең ойнап, пенальти арқылы финалға өтті. Ал ақтық ойында «Бұрғылау» командасынан 0:4 есебімен ұтылғандықтан спартакиаданың күміс медалін иеленді.

Сонымен қатар қол күрестіруден де жолымыз болды. «Білекті бірді жығар» дегендей биыл қол күрестіруден «Каскор-Машзавод» атынан өнер көрсеткен Джайсанов Едіге үшінші орын алып, қола медальға қол жеткізді.

Еншілес компаниялар арасындағы спорт додасында топ жарып алға шыққан әріптестерімізді құттықтаймыз!

KPD news
KazPetro DRILLING
kazpetrodrilling.kz

KPD News корпоративтік газеті

Меншік иесі: **«KazPetroDrilling» АҚ**

Редакция мекенжайы:
Алматы қаласы, Чайковский көшесі, 95-үй, 105-кабинет
Телефон: **8 (727) 352 70 52**

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2019 жылдың 18 сәуірінде тіркеліп, №17672-Г куәлігі берілген.

Шеф редактор:
Мұрат МҰҚАШЕВ

Электронды пошта:
m.mukhashev@kazpetrodrilling.kz

Дизайнер:
Ермек ҚАБЛАНБЕКҰЛЫ

«Компания Leader Offset Printing» ЖШС-ның баспаханасында басылды.

Баспахананың мекенжайы:
Алматы қаласы, Райымбек даңғылы 212а/8

Таралымы
2000 дана.

Газет 2019 жылдың сәуір айынан шыға бастады.

Екі айда бір рет шығады.